

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажиліс Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

*2023 жылдың 15 мамыр жарияланды*

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
А. Көлгіновке**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Алтай Сейдірұлы!**

Елімізде ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтендіруге, оларды отбасы жағдайында тәрбиелеу мәселесіне жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбей келеді. Қанша жерден жетімдер үйінде қолайлы орта жасалса да, отбасы мен үй тәрбиесіне ештеңе жетпейді! Отбасы жағдайында тәрбиеленген балалар қоғамға, үлкен өмірге тез бейімделетіні белгілі. Деректерге сүйенсек, балалар үйінен шыққан жандардың тек 10-15 пайызы ғана қоғам өміріне икемделіп, заман көшіне ілесе алады.

Қазіргі кезде біздің елімізде де жетімдер үйінің саны азайып келеді. Балалар үйлері санының қысқаруы және сондағы тәрбиеленетін бала санының азаю үрдісі қуантатын жағдай. Мәселен, соңғы он жылда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернаттардың саны 2011 жылғы 210-нан 2021 жылы 89 бірлікке дейін, екі есеге азайды. Тек, 2017-2019 жылдардағы пандемияға дейінгі үш жылда олардың саны 31 бірлікке қысқарды. Мұндай мекемелерде тәрбиеленетін балалар саны он жыл ішінде (2011 жылғы 12 925 баладан 2021 жылы 4 076 балаға дейін) 3,2 есеге қысқарды.

Мұның барлығы мемлекет тарапынан атқарылып жатқан кешенді іс – шаралардың нәтижесі екендігі анық. Алайда жетім балаларды орналастыруға жәрдемдесу, сондай-ақ әлеуетті қабылдап алушы ата-аналарды міндетті даярлауды енгізу бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, екінші реттік жетімдік көрсеткіштің статистикасы біршама өскен. 2017-2021

жылдары бала асырап алушылар мен қамқоршылардың балалар үйіне кері қайтарған балалар саны 2017 жылғы 109-дан 2021 жылы 179 балаға дейін, яғни 64% - ға өсім көрсеткен.

Бұған қоса балалар үйінің жетекшілері балаларды асырап алғысы келетіндерге немесе патронаттық отбасыларға беруге кедергі келтіріп жататын жағдаяттар да жиі кездеседі. Бас прокуратура мен Бала асырап алу жөніндегі агенттік тарапынан жүргізілген тексерістің нәтижесінде тіпті бала асырап алуға қарсы жасанды кедергілерді ойлап тапқан жетекшілер де анықталған. Өйткені әр балаға мемлекеттен қаражат бөлініп отырады және оның көлемі де аз емес. Мысалы, балалар үйіндегі бір бүлдіршін үшін мемлекеттен айына 600 мыңнан 1 миллионға дейін қаражат бөлінеді. Осы қаражат бала асырап алғысы келетін отбасыларды қолдауға бағытталса, бала үшін әлдеқайда пайдалы болар еді.

Балалар үйлерінің жұмыс әдісін өзгертіп, оларды жетілдіру бойынша атқарылатын істер әлі де көп. Әрине, жетімдерге пана болған балалар үйін мүлдем жауып тастау дұрыс болмас. Себебі, өкінішке қарай, ауыр науқастарға шалдыққан балалар бар. Олар көп жағдайда балалар үйінде қалып жатады. Демек, балалар үйінің жұмыс жүйесін осындай бүлдіршіндерге көмек көрсететін реабилитациялық орталықтар үлгісінде ұйымдастырған абзал.

Біз балалар үйінің санын азайтып, біртіндеп жабуға немесе олардың форматын толықтай өзгертуге мүдделі болуымыз қажет. Оның орнына елімізде бала асырап аламын деушілерге көбірек жағдай жасаған дұрыс деп есептеймін. Балалардың заңды мәртебесі бойынша ресми статистиканың мәліметтеріне сүйенсек, 2021 жылғы деректерге сәйкес елімізде 22,7 мың бала жетім бала санатында болған. Оның ішінде 80% - дан астамы немесе 18,2 мың бала отбасыларда тұрады (қорғаншылық пен қамқоршылықта (89,2%) және патронаттық тәрбиеде (9,8%).

Қазіргі кезеңде әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдері жетім балаларды балалар үйінде тәрбиелеу тәжірибесінен бас тартып, оларды асырап алушы немесе фостерлік отбасыларда тәрбиелеу тәжірибесіне көшіп жатыр. Балалар құқықтарын қорғау бағытындағы ғылыми зерттеулерде де баланың даму қажеттіліктері тек отбасылық ортада ғана толыққанды қамтамасыз етілетіндігі дәлелденген.

Кейінгі жылдары елімізде өкілетті органдар тарапынан кәсіби немесе фостерлік отбасыларды құру жобалары қолға алынуда. Жалпы, фостерлік отбасы институты әлем елдері бойынша кеңінен қолданыс тапқан тәжірибе. Алайда аталмыш тәжірибенің артықшылықтары мен бірге тәуекелді тұстары да жоқ емес. Фостерлік отбасы жобасын жүзеге асырудың ең басты критерийлерінің бірі баланы қабылдап алушы ата - аналардың психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дайындығын қамтамасыз ету. Дамыған елдерде фостерлік ата - аналардың баланы қабылдап алуға дайындығы жіті қадағаланып, олар үшін арнайы курстар да ұйымдастырылады.

Ал енді біздің елімізде фостерлік отбасыларын қалыптастыру жобасы 2019 қолға алынып, Ақмола облысында пилоттық форматта іске қосылды.

Алайда аталмыш пилоттық жобаның қазіргі жағдайы қандай, жүзеге асырылуы нендей деңгейде? Өкінішке орай, бұл сауалдардың нақты жауабын алу мүмкін болмай тұр. Өкілетті органдарда және ашық ақпарат көздері мен бұқаралық ақпарат құралдарында аталмыш жоба туралы деректер мейлінше шектеулі. Сондықтан пилоттық үлгідегі жобаның жетістіктері мен кемшіліктері туралы толымды ақпараттар жариялап, әдістемелік ерекшеліктерін мамандардың талқысына салып, тәжірибеден өткен игі нәтижелер болса, оны ел көлемінде қолданатын кез келді деп ойлаймыз.

Сол себепті де, фостерлік отбасыларды құру жобасының жетім балаларды асырап алуға қатысты оң тәжірибесін еліміздің басқа өңірлерінде таратып, қолдану үшін Үкімет және жауапты министрліктер тарапынан қандай іс - шаралар жүргізіліп жатқандығы жайлы толық ақпарат беруіңізді сұраймыз.

Қазақстан Республикасы 1994 жылы Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады. Аталмыш конвенцияның 3 - бабының 2-тармағының талаптарына сәйкес қатысушы мемлекет ретінде еліміз заң бойынша бала үшін жауапкершілікті мойнына алған ата-анасының, қамқоршыларының немесе басқа да адамдардың құқықтары мен міндеттерін назарға ала отырып, баланың игілігі үшін қажетті қорғау мен қамқорлықты қамтамасыз етуді және осы мақсатпен барлық тиісті заң шығару және әкімшілік шараларын қабылдауды міндеттенеді.

Мәселенің маңыздылығын ескере келе, дамыған елдердің озық тәжірибелеріне сүйене отырып, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасыларда тәрбиелеу ісіне басымдық беріп, оларды асырап алу бойынша жаңа тетіктерді қарастыруыңызды және жетім балаларға тиісті жағдайдың жасалуына ықпал етуіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,**

**«Ауыл» ХДПП партиясы фракциясының депутаттары**

**Қ. Абден**

**Е.Саурықов**

**С.Егізбаев**

**Ж.Дайрабаев**

**Н.Арсютин**

**Т.Серіков**

**А.Бакқожаев**

**А.Зейнуллин**

**«Қазақстан Халық партиясы»  
фракциясының депутаттары**

**Г.Танашева**

**И.Смирнова**

**«АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі**

**Е.Әбдиев**

*Орынд.: Шамшиева Ш  
74-63-26*